

АЛКОГОЛЬДІК МАСТЫҚ ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН АСПАП

ALCOSCAN
ALP-1



Пайдаланушы нұсқаулығы


ALCOSCAN ALP-1

Өкімшінің нұсқаулығы

Мазмұны

Бұйымның жиынтықтаушылары	3
Жеткізілім жинақтамасының құрамы	3
Дайындау	4
Негізгі жұмыс режимі	5
Экрандағы ескертулер	7
Жылдам қатынау мәзірі	9
Өкімшінің мәзірі	17
Жылдам өлшеу режимі	32
Қосымша функция - Bluetooth бойынша деректер тарату	34
Сенсор модулін ауыстыру	39
Айрықшалама	41

Бұйымның жиынтықтаушылары



- | | | |
|--|---|--|
| 1. Шам | 6. Қуаттандыру, таңдау батырмасы | 11. Батареялар |
| 2. IrDA порты (деректерді инфрақызыл тарату) | 7. Батарея бөлімінің қаппағын ашу батырмасы | 12. Белдік |
| 3. Дисплей | 8. Батарея бөлімінің қаппағы | 13. USB ажырамасы/ Принтерді қосуға арналған ажырама |
| 4. «Up» (Жоғары) батырмасы | 9. Сенсордың модулі | 14. Мүштік порты |
| 5. Мәзір, «Down» (Төмен) батырмасы | 10. Сенсор модулінің тұтқасы | 15. Жылдам өлшеу режиміне арналған ашық контейнер |

Жеткізілім жинақтамасының құрамы:

- Алкотестер - 1 дана
- Мүштіктер - 5 дана
- Белдік - 1 дана
- MAX30 БЖ (компакт диск) - 1 дана
- ДК-ге қосылуға арналған USB кабель - 1 дана
- Батареялар - 2 дана
- Нұсқаулық - 1 дана
- Былғары қап - 1 дана
- Жылдам өлшеу режиміне арналған шыныаяқ (құйғыш) - 1 дана

[Бөлек сатылады]

Принтер (Bluetooth), microSD жады картасы

Дайындау

1) Батареяларды орнату

Оң жақтағы батырманы басыңыз да, батарея бөлімінің қаппағын тартып, оны шешіп алыңыз. AA типті 2 батареяны орнатыңыз (1,5В сілтілік немесе 1,2В аккумуляторлық батареялар).

Батареяның полярлығын тексеріңіз!


Батарея бөлімінің қаппағын жабыңыз.

Назар аударыңыз! Құрылғыда орналасқан батареяларды зарядтау оның зақымдануына алып келеді.

2) Белдікті бекіту

Оң жақтағы батырманы басыңыз да, батарея бөлімінің қаппағын басып, оны шешіп


алыңыз. Белдікті корпустағы шағын тесіктен өткізіңіз. Белдіктің қажетті өлшемін орнатыңыз.



3) Мүштікті орнату

Мүштікті құрылғының жоғарғы бөлігіндегі портқа шертіп естілгенше орнатыңыз.

Әрбір тексерілушіге жаңа мүштік пайдалану керек. Мүштікті оңға немесе солға қаратып орнатуға болады.




* Жылдам өөлшеу режиміне арналған ашық контейнерді де осылай орнатуға болады.

Негізгі жұмыс режимі



	1. Қуат көзіне қосылу батырмасын басыңыз. Қуат батырмасын босатқан кезде, экранда күні, уақыты және сериялық нөмірі көрсетілген бастапқы терезе шығады.
	2. Аспап жұмысқа дайындығын бастап, экранда «Blow» (Тыныс алыңыз) жазуы көрсетіледі, бұл кезде жүйе дыбыстық сигнал береді. «WAIT/BLOW» (КҮТУ/ДЕМ ШЫҒАРУ) жазулары көрсетілген кезде, (m) батырмасын басып, мәзір режиміне өтуге болады. Мәзір режимінен шыққан кезде, аспап автоматты түрде жұмысқа дайындала бастайды.
	3. Аспап белгі бергенше, мүштік арқылы құрылғыға 3 секунд бойы дем шығаруды орындаңыз. Экранда Blow жазуы көрсетілген кезде, аспаптың панелінде, СК-дисплейдің үстінде жасыл түсті индикаторлық шам жыпылықтайды. Тыныс сынамаcы іріктелген кезде жасыл жарық жыпылықтамайды.
	4. Тыныс сынамаcы іріктелгеннен кейін, СК-дисплейде «Analyzing/wait» («Талдау/Күтіңіз») хабарламасы көрсетіледі.

	5. Нәтиже көрсетілген кезде, аспап бір дыбыстық сигнал береді. Нәтиже экранда 15 секунд көрсетіледі. Тестті қайтадан орындау қажет болса, қуат батырмасын қайтадан басыңыз.
---	--

6. Қуатты сөндіру



Қуаттың автоматты сөндірілуі 15 секундтан кейін.



Егер қуат батырмасын басып, 3 секунд бойы ұстап тұрса, экранда «PowerOff» (Қуатты сөндіру) хабарламасы көрсетіледі.

Бұл хабарлама 2 секунд бойы көрсетілгеннен кейін құрылғы сөнеді.

Экрандағы ескерту


1. Экранда көрсетілетін «Flow» (Шығын/ағын) хабарламасы тыныс сынамасы өлшеу үшін жеткіліксіз екендігін білдіреді. Экранда «Flow» жазуы қайтадан пайда болғанша күте тұрыңыз. Енді демді қарқындырақ әрі тұрақтырақ шығарып, дем шығару әрекетін қайталауға болады.



2. Экранда көрсетілетін өзгертілген заряд деңгейі бар батарея символы батареяның төмен зарядын білдіреді. Батареяларды ауыстырыңыз.



Батарея символы




3. Калибрлеу қажеттілігі (Өңірлік жеткізушіге жүгініңіз)




Бұл хабарлама калибрлеу орындалғаннан кейін 6 айдан соң немесе аспапты калибрлеу (CAL) үшін өткізілуі тиіс тесттер саны орнатылған кезде экранда пайда болады.


4. Калибрлеуден кейінгі тесттер саны (сенсор модулінің жадысында сақтау)




5. Аспапта орындалған тесттер саны (құрылғының жадысында сақтау)



6. Сенсор модулінің қатесі




7. Температуралық режимнің қатесі




Құрылғы -5°C және одан төмен температурада қолдануға болмайды.


8. Жүйелік қате 1 (конденсатор зарядының қатесі)



9. Жүйелік қате 2 (сенсор саңылаусыздығының бұзылуы)



Жылдам қатынау мәзірі



Жылдам өлшеу (Quickmode) режиміне кіру үшін қуат батырмасын басыңыз да, кейін (m) (мәзір) батырмасын басыңыз. Қуат батырмасын тағы бір рет басып, пайдаланушының PIN-кодын енгізіңіз (Үнсіз келісім бойынша: 0000)


1. Жылдам қатынау мәзірінің мазмұны

- 1) Соңғы орындалған тесттер
- 2) Соңғы техникалық қызмет көрсету
- 3) Тесттердің жалпы есептеуіші
- 4) Күні және уақыты
- 5) Күнді белгілеу
- 6) Уақытты белгілеу
- 7) Тілді орнату

- 8) Дисплей
- 9) Принтер
- 10) SD-картада деректерді сақтау
- 11) Bluetooth
- 12) Пайдаланушының ПИН-кодын өзгерту
- 13) Өлшеу режимі

2. Мәзір


1) Соңғы орындалған тесттер



Соңғы тесттің нәтижесін көрсету. Пайдаланушы «UP/DOWN» батырмаларын басу арқылы жадыда сақталған тесттердің ең көбі 500 нәтижесінің тізімін қарай алады.


**DataNo: Тест нәтижелерінің нөмірі /сақталған нәтижелер саны (*ең соңғы 500 тесттің нәтижесі)*

2) Соңғы техникалық қызмет көрсету



Соңғы калибрлеу және өлшеу дәлдігін тексеру күні

3) Тесттердің жалпы саны




1) Last CAL: Соңғы калибрлеуден кейінгі тесттер саны

2) FailCnt: Өтілмеген тесттер саны

3) Sensor: Сенсор модулінің жадысына жазылған тесттер саны (*Сенсор модулінің жадыға тесттер санын жазу функциясы бар)


4) Lifetime: Құрылғымен орындалған тесттердің жалпы саны.

4) Күні және уақыты



Құрылғыда орнатылған уақыт пен күнді тексеру.

5) Өлшеу режимі



А.Қалыпты режим

Адам тынысындағы алкоголь концентрациясын өлшеу. Тест нәтижесін сан түрінде көрсету. 5 ~ 6 беттегі «Негізгі жұмыс режимі» бөлімін қараңыз.

В. Жылдам өлшеу режимі

Адам тынысында алкогольдің болуын анықтау. Тест неғұрлым жылдам әрі ыңғайлы режимде өтеді, бірақ нәтиже сан түрінде емес, «P» (PASS (ӨТІЛГЕН)) немесе «F» (FAIL (ӨТІЛМЕГЕН)) жазулары түрінде көрсетіледі. Мүштікті қолдану талап етілмейді, жай ашық контейнерді пайдаланыңыз.

32-беттегі «Жылдам өлшеу режимі» бөлімін қараңыз.

6) Күнді белгілеу

Күн мен күн пішімін теңшеу.



7) Уақытты белгілеу


Уақыт пішімін өзгерту мүмкіндігінсіз уақытты теңшеу.



8) Тілді орнату

9) Қажетті тілді орнатыңыз.


10) Қолжетімді опциялар: ағылшын, орыс, кәріс, неміс, испан, итальян тілдерінде.



* Тілді таңдау функциясы жылдам қатынау мәзірі мен әкімшінің мәзірі үшін қолжетімсіз.


* Жылдам қатынау мәзірі мен әкімшінің мәзірі үшін тек ағылшын тілі қолжетімді.

9) Көмескі жарық




10) Принтер

Принтердің қосылуын теңшеу.




(1) Кабель

а) Орнату алдында принтермен сым арқылы қосылысты тексеру.




Қуат батырмасын басқан кезде соңғы деректерді басып шығаруға болады.

б) Таңдалған деректер




«Up/Down» (Жоғары/Төмен) батырмаларын пайдаланып, деректерді таңдаңыз да, қуат батырмасын басылған күйінде 1 ~ 2 секунд ұстап тұрыңыз – жүйе басып шығарылуы тиіс деректер таңдалғанын растайды.

с) Ауқым (? ~?)




Басып шығарылатын деректер ауқымын орнатыңыз да, «Next» (одан әрі) батырмасын

басыңыз.



Қуат батырмасын басып, «Up/Down» (Жоғары/Төмен) батырмаларын пайдалану арқылы деректер ауқымын таңдаңыз, содан кейін қуат батырмасын тағы бір рет басыңыз. Басып шығару үшін «Next» (одан әрі) батырмасын тандап, қуат батырмасын басыңыз – деректер басып шығарыла бастайды.





Кабель арқылы қосылыс болмаған жағдайда, СК-дисплейде «Notconnectprintcable» («Принтермен байланыс кабелі қосылмаған») хабарламасы көрсетіледі.

(2) Bluetooth

Бұл функция аспаптың базалық жинақтамасында қарастырылмаған.



(A) Функция қолжетімсіз

(B) Функция қолжетімді




Құрылғы Bluetooth режимінде жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз. 34-беттегі «Қосымша функция - Bluetooth бойынша деректерді тарату» бөлімін қараңыз.


(3) IrDA (деректерді инфрақызыл порт арқылы тарату)



Соңғы деректерді тандап, құрылғының IrDA портын принтердің IrDA портына жақындатыңыз да, қуат батырмасын басыңыз. Жүйе тесттің соңғы нәтижесін басып шығарады.



IrDA екі порты бір-біріне қаратылуы тиіс!



2-ауыстырып-қосқыш OFF (СӨНД)


күйінде: Bluetooth OFF, IrDA ON

2-ауыстырып-қосқыш ON (ҚОСУЛЫ)


күйінде: Bluetooth ON, OFF IrDA

IrDA және Bluetooth функциясы бір-бірімен үйлеспейді, сондықтан мобильді принтердің батарея бөлімінде орналасқан принтердің ауыстырып-қосқышын тексеріңіз.

11) SD-картаға сақтау




Таңдау расталған кезде, SD-картадағы деректер жойылады, ал құрылғының деректері SD-картаға жүктеледі.



«Notavailable» («Жоқ») хабарламасы SD-карта қолжетімсіз екенін білдіреді.


12) Bluetooth



Бұл функция аспаптың базалық жинақтамасында қарастырылмаған. Құрылғы Bluetooth режимінде жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз. 34-беттегі «Қосымша функция - Bluetooth бойынша деректерді тарату» бөлімін қараңыз.


13) Пайдаланушының PIN-кодын өзгерту

Пайдаланушының жаңа PIN-кодын орнату. Теңшеу аяқталған кезде, экранда «Passwordsave» («Құпиясөзді сақтау») хабарламасы көрсетіледі.



Әкімшінің мәзірі

Құрылғының қуат батырмасын басыңыз да, (m) батырмасын 2 ~ 3 секунд бойы басылған күйінде ұстап тұрыңыз. Әкімшінің PIN-кодын енгізіңіз (үнсіз келісім бойынша: 0530)




1. Әкімші мәзірінің мазмұны

- 1) Ақпарат
- 2) Жалпы теңшелімдер
- 3) Өлшеулерді теңшеу
- 4) Калибрлеу

2. Мәзір

1) Ақпарат

(1) Соңғы тесттер




Соңғы тесттің нәтижесін көрсету. Пайдаланушы «UP/DOWN» батырмаларын басу арқылы жадыда сақталған тесттердің ең көбі 500 нәтижесінің тізімін қарай алады.


*DataNo: Тест нәтижелерінің нөмірі /сақталған нәтижелер саны (*ең соңғы 500 тесттің нәтижесі)

(2) Соңғы техникалық қызмет көрсету

Соңғы калибрлеу және өлшеу дәлдігін тексеру күні




(3) Тесттердің жалпы саны




- Last CAL: Соңғы калибрлеуден кейінгі тесттер саны
- FailCnt: Өтілмеген тесттер саны
- Sensor: Орнатылған сенсор модулінің жадысына жазылған тесттер саны (*Сенсор модулінің жадыға тест сандарын жазу функциясы бар)
- Lifetime: Құрылғымен орындалған жалпы тесттер саны.

(4) Күні мен уақыты

Құрылғыда орнатылған уақыт пен күнді тексеру.



(5) Конфигурация




Әрбір режимде алкоголь концентрациясын тексеру.

Blow (Тыныс сынамаcы) параметрінің шекті мәндерін 25-беттегі 3) Өлшеулерді теңшеу/
(3) Шекті деңгейлер бөліміндегі нұсқауларға сәйкес реттеуге болады.

(6) Құрылғы туралы ақпарат

Құрылғы туралы ақпаратты тексеру.




2) Жалпы теңшелімдер

(1) Тілдік теңшелімдер

Қажетті тілді орнатыңыз.


Қолжетімді опциялар: ағылшын, орыс, кәріс, неміс, испан, итальян тілдерінде.



* Тілді таңдау функциясы жылдам қатынау мәзірі мен әкімшінің мәзірі үшін қолжетімсіз.


* Жылдам қатынау мәзірі мен әкімшінің мәзірі үшін тек ағылшын тілі қолжетімді.

(2) Күнді белгілеу




(3) Уақытты белгілеу.

Құрылғының уақытын белгілеу.



(4) Принтер


Принтердің қосылуын теңшеу.




A. Кабель

Орнату алдында принтермен сым арқылы қосылысты тексеру.

a) Соңғы деректер




b) Таңдалған деректер




«Up/Down» (Жоғары/Төмен) батырмаларын пайдаланып, деректерді таңдаңыз да, қуат батырмасын басылған күйінде 1 ~ 2 секунд ұстап тұрыңыз – жүйе басып шығарылуы тиіс деректер таңдалғанын растайды.

c) Ауқым (? ~?)




Басып шығарылатын деректер ауқымын орнатыңыз да, «Next» (одан әрі) батырмасын басыңыз.



Қуат батырмасын басып, «Up/Down» (Жоғары/Төмен) батырмаларын пайдалану арқылы деректер ауқымын таңдаңыз, содан кейін қуат батырмасын тағы бір рет басыңыз.

Басып шығару үшін «Next» (одан әрі) батырмасын таңдап, қуат батырмасын басыңыз –

деректер басып шығарыла бастайды.





Кабель арқылы қосылыс болмаған жағдайда, СК-дисплейде «Notconnectprintcable» («Принтермен байланыс кабелі қосылмаған») хабарламасы көрсетіледі.

В. Bluetooth

Бұл функция аспаптың базалық жинақтамасында қарастырылмаған.


(А) Функция қолжетімсіз

(В) Функция қолжетімді




Құрылғы Bluetooth режимінде жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз. 34-беттегі «Қосымша функция - Bluetooth бойынша деректерді тарату» бөлімін қараңыз.

С. IrDA (деректерді инфрақызыл порт арқылы тарату).




Соңғы деректерді таңдап, құрылғының IrDA портын принтердің IrDA портына жақындатыңыз да, қуат батырмасын басыңыз. Жүйе тесттің соңғы нәтижесін басып шығарады.




IrDA екі порты бір-біріне қаратылуы тиіс!

IrDA және Bluetooth функциясы бір-бірімен үйлеспейді, сондықтан мобильді принтердің батарея бөлімінде орналасқан принтердің ауыстырып-қосқышын тексеріңіз.




2-ауыстырып-қосқыш OFF (СӨНД)
күйінде: Bluetooth OFF, IrDA ON
2-ауыстырып-қосқыш ON (ҚОСУЛЫ)
күйінде: Bluetooth ON, IrDA OFF

(5) Деректерді SD-картаға сақтау Деректерді SD-картаға сақтау




Таңдау расталған кезде, SD-картадағы деректер жойылады, ал құрылғының деректері SD-картаға жүктеледі.




«Notavailable» («Жоқ») хабарламасы SD-карта қолжетімсіз екенін білдіреді.

(6) PIN-кодты өзгерту




Әкімшінің жаңа PIN-кодын белгілеу.
Теңшеуден кейін экранда «Passwordsave» («Құпиясөзді сақтау») хабарламасы көрсетіледі.

(7) Bluetooth




Бұл функция аспаптың базалық жинақтамасында қарастырылмаған. Құрылғы Bluetooth режимінде жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз. 34-беттегі «Қосымша функция - Bluetooth бойынша деректерді тарату» бөлімін қараңыз.

3) Өлшеуді теңшеу.




(1) Өлшеу бірлігі




Спирт құрамын өлшеудің қолжетімді бірліктері: %BAC (деммен шығатын ауадағы алкоголь буларының концентрациясы), %, g/L (г/л), mg/L (мг/л), mcg/100mL (мкг/100мл), mcg/L (мкг/л).

(2) Пассивті режим



(3) Шекті деңгейлер




Тесттен өту, тесттен өтпеу, дыбыстық хабарландыру мәндерінің ауқымын теңшеу

- Тесттен өту $\leq 0,020$
- Дыбыстық хабарландыру $\leq 0,050$

- Тесттен өтпеу $\leq 0,100$

(4) Blow (тыныс сынамаcы) параметрін теңшеу



Тыныс сынамаcының ең төмен көлемін және дем шығарудың ең аз уақытын белгілеу

* Үнсіз келісім бойынша мәндер төменде келтірілген

* Көлем: 1,2 л

* Дем шығару уақыты: 1,0 с

(5) Іріктеу түрі




Іріктеудің 2 түрін орнату: Бекітілген көлем немесе дем шығару соңында сынамаcы іріктеу.


■ Бекітілген көлем: Сынама ең төмен көлемге жеткен кезде іріктеледі.

■ Дем шығару соңында сынамаcы іріктеу: Сынама дем шығару соңында іріктеледі.

(6) Көмескі жарық



(7) Тест есептеуішінің көрсетілу нұсқасы




Sincelast CAL: Соңғы калибрлеуден кейінгі тесттер саны

Lifetime total: Құрылғымен орындалған тесттердің жалпы саны

OFF: Функция сөндірілген


(8) Калибрлеу қажеттігі туралы ескертудің қосылуы үшін қажет тесттер санын белгілеу (CAL).



Калибрлеу интервалын орнату


Қолжетімді нұсқалар: 100-ден 15000 тестке дейін

(9) Тахограф



Бұл қосымша функция көлік құралдарының тахометрін қосу мүмкіндігін қарастырады.

(10) Өлшеу режимі



А. Қалыпты режим

Адам тынысындағы алкоголь концентрациясын өлшеу.

Тест нәтижесі сан түрінде көрсетіледі.


«Негізгі жұмыс режимі» бөлімінің 5 ~ 6 беттерін қараңыз.

В. Жылдам өлшеу режимі

Адам тынысында алкогольдің болуын анықтау. Тест неғұрлым жылдам әрі ыңғайлы режимде өтеді, бірақ нәтиже сан түрінде емес, «Р» (PASS (ӨТІЛГЕН)) немесе «F» (FAIL (ӨТІЛМЕГЕН)) жазулары түрінде көрсетіледі. Мүштікті қолдану талап етілмейді, жай ашық контейнерді пайдаланыңыз.


32-беттегі «Жылдам өлшеу режимі» бөлімін қараңыз.

4) Калибрлеу




(1) Соңғы техникалық қызмет көрсету.

Соңғы калибрлеуді тексеру, өлшеу дәлдігін тексеру күні.




(2) Өлшеу дәлдігін тексеру күні

Өлшеу дәлдігін тексеру күнін тиісті нәтижелерімен бірге тексеру. Жадыдағы жазбалардың ең көп саны – 10




(3) Калибрлеу



Калибрлеу режиміне кіріңіз.


Калибрлеуді білікті маман калибрлеу жабдығын пайдалана отырып өткізуі тиіс. Белгіленген мән мен газдың түрін көрсетіп, кейін «Next» (одан әрі) батырмасын басыңыз.

- Белгіленген мән: 0,0300 - 0,1000 (өлшеу бірлігі: %BAC)
- Газдың түрі: Дымкыл газ немесе құрғақ газ



Жұмысқа дайындық -> Дайындылық (Дем шығару) -> Талдау -> Калибрлеу аяқталды

(4) Өлшеу дәлдігін тексеру




Өлшеу дәлдігін тексеру мәзіріне кіріңіз.

Белгіленген мәнді, газдың түрін көрсетіп, кейін «Next» (одан әрі) батырмасын басыңыз.

Процедураның қалған бөлігі калибрлеу процедурасына ұқсас.

** Өлшеу дәлдігін тексеру режиміндегі тесттер аспапта орындалған тесттердің жалпы санында ескерілмейді.*

(5) Қысымды калибрлеу



Ескертпе. Қысымды тек өндіруші калибрлей алады. Өңірлік жеткізушіге хабарласуыңызды өтінеміз.


(6) Соңғы калибрлеу күнін белгілеу.

Соңғы калибрлеу күнін белгілеу.



(7) Өлшеу дәлдігін соңғы тексеру күнін белгілеу.

Өлшеу дәлдігін тексеру күнін белгілеу.



Жылдам өлшеу режимі

Жылдам қатынау мәзірінде немесе әкімші мәзірінде өлшеу режимін теңшеу.

Жылдам қатынау мәзірінде Өлшеу режимінің 13)-т. қараңыз, 11-б.


3) Әкімші мәзірінде Өлшеу режимінің өлшеулерін (10) теңшеу, 28-б.



1. Қуат батырмасын басыңыз.

Қуат батырмасын босатқан кезде, экранда күні, уақыты және сериялық нөмірі көрсетілген бастапқы терезе шығады.


2. Аспап жұмысқа дайындығын бастап, экранда «Blow» (Тыныс алыңыз) жазуы көрсетіледі, бұл кезде жүйе дыбыстық сигнал береді. «WAIT/BLOW» (КҮТУ/ДЕМ ШЫҒАРУ) жазулары көрсетілген кезде, (m) батырмасын басып, мәзір режиміне өтуге болады. Мәзір режимінен шыққан кезде, аспап автоматты түрде жұмысқа дайындала бастайды.



3. Ашық контейнер арқылы құрылғыға 1 секунд бойы дем шығаруды орындаңыз.



4. Тыныс сынамаcы іріктелгеннен кейін, СК-дисплейде «Analyzing/wait» («Талдау/Күтіңіз») хабарламасы көрсетіледі.



5. Нәтиже көрсетілген кезде (PASS немесе FAIL), аспап бір дыбыстық сигнал береді. Нәтиже экранда 15 секунд көрсетіледі. Нәтиже көрсетілгеннен кейін, аспап қайтадан келесі тестті орындауға дайындалады.
6. Қуатты сөндіру.

Auto power off

Автоматты сөну 15 минуттан кейін.

Егер қуат батырмасын басылған күйінде 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, экранда «PowerOff» (Қуатты сөндіру) хабарламасы көрсетіледі.


Осы хабарлама көрсетілгеннен кейін, құрылғы 2 секунд ішінде сөнеді.

Power off
-2sec-

Power off
-1sec-



«Up» (Жоғары)
батырмасы



«Up» (Жоғары)
батырмасы



Өлшеу режимін жылдам өлшеу режиміндегі  (UP) батырмасын басу арқылы өзгертуге болады. Өлшеу режимін өзгерткен кезде экранда «N» символы көрсетіледі. Жылдам өлшеу режиміне қайтару керек болған жағдайда, (UP) батырмасын қайтадан басыңыз.


«N»: Қалыпты режим

«F»: Жылдам өлшеу режимі



Жылдам өлшеу режиміне автоматты қайтару қалыпты режимдегі тесттен кейін.

Қосымша функция - Bluetooth бойынша деректерді тарату

A. Жылдам қатынау мәзірінде **Bluetooth** бойынша принтерге қосылу, 14-б.




Егер принтер құрылғыға бұрын қосылып тұрған болса, құрылғы оны есіне сақтайды, болашақта жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, экранда принтердің сериялық нөмірі көрсетіледі.




Bluetooth режиміне кіріңіз, экранда күту уақыты көрсетіледі. Bluetooth бойынша байланыс орнатылғаннан кейін, принтерде жасыл индикатор жанады.

a) Соңғы деректер




Қуат батырмасын басқан кезде, соңғы деректерді басып шығаруға болады.

b) Таңдалған деректер





«Up/Down» (Жоғары/Төмен) батырмаларын пайдаланып, деректерді таңдаңыз да, қуат батырмасын басылған күйінде 1 ~ 2 секунд ұстап тұрыңыз – жүйе басып шығарылуы тиіс деректердің таңдалғанын растайды.

с) Ауқым (? ~?)




Басып шығарылуы тиіс деректердің ауқымын орнатып, «Next» (одан әрі) батырмасын басыңыз.



«Notavailable» («Жоқ») хабарламасы Bluetooth бойынша қосылыстың жоқ екендігін көрсетеді.


* Ескертпе: Bluetooth функциясын пайдалану алдында принтерді тексеріп алыңыз.




2-ауыстырып-қосқыш OFF
(СӨНД) күйінде: Bluetooth OFF,
IrDA ON
2-ауыстырып-қосқыш ON
(ҚОСУЛЫ) күйінде: Bluetooth
ON, IrDA OFF

Мобильді принтердің батарея бөлімінің оң жағында орналасқан 2-ауыстырып-қосқыш суретте көрсетілгендей ON (ҚОСУЛЫ) күйінде болуы тиіс. 2-ауыстырып-қосқыш ON күйінде болған кезде, инфрақызыл порт арқылы қосылыс белсенді болмайды (IrDA).


В. Жылдам қатынау мәзірінде **Bluetooth** бойынша деректерді тарату режимін теңшеу, 14-б Bluetooth функциясын қосу/сөндіруді теңшеу, көз көрерлік, құрылғыларды іздеу, PIN-кодты өзгерту



(1) Bluetooth бойынша деректерді тарату функциясын қосу/сөндіру




(2) Басқа құрылғыларға көз көрерлік




- ДК-дегі МАХ30 бағдарламалық жасақтамасымен Bluetooth арқылы құрылғыларды қосу.
- Орнату үшін, бағдарламалық жасақтаманың компакт-дискінде МАХ30 БЖ-ның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

(3) Құрылғыларды іздеу




- Bluetooth қолжетімді құрылғыларын іздеу ұзақтығы - шамамен 30 секунд.
- Құрылғыны таңдап, (m) батырмасын басыңыз.
- СК-дисплейде «Pairing OK» (қосылыс орнатылған) хабарламасы көрсетіледі, мобильді принтер дыбыстық сигнал береді.

(4) PIN-кодты өзгерту




- ДК-мен Bluetooth бойынша қосылу үшін.
- Орнату үшін, бағдарламалық жасақтаманың компакт-дискінде MAX30 БЖ-ның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- * Принтермен қосылуға арналған PIN-код - 1000.



Егер құрылғы Bluetooth бойынша қосылуға қолжетімді болмаса, дисплейде «Notavailable» (Қолжетімсіз) хабарламасы көрсетіледі. Құрылғы Bluetooth бойынша деректер тарату функциясын қолдайтындығына көз жеткізіңіз.

Сенсордың модулін ауыстыру




(1) Оңға жылжытыңыз.

(2) Төмен тартыңыз.

Ауыстырған кезде, екі ойыққа бірдей түсуін қамтамасыз етіңіз.




(3) Суретте көрсетілгендей, төмен тартыңыз.



(4) Сенсордың модулін алып шығыңыз.

(5) Сенсордың жаңа модулін суретте көрсетілгендей орнатыңыз.



(6) Шертіл естілгенше жоғары қарай басыңыз.

(7) Батарея бөлімінің қақпағын орнатып, бұғатталғанша жоғары қарай басыңыз.

Айрықшалама

- В.А.С. индикациясы 0,000 ~ 5,000%

0,000 ~ 0,500%BAC
0,000 ~ 2,500 мг/ВгАС
0,000 ~ 5,000 г /
0-250 мкг/100мл
0 ~ 2500 мкг/л

- **Дайындық уақыты:** 5 секунд ~ 2 минут
- **Жауап қайтару уақыты:** 0,100%BAC болғанда 10 секунд

Дәлдігі:

0 - 30 мг/100мл ауқымында $\pm 15\%$
30 – 100мг/100мл ауқымында $\pm 5\%$
100 - 200 мг/100мл ауқымында $\pm 15\%$
200 – 500 мг/100мл ауқымында $\pm 20\%$

- **Қоршаған орта жағдайы:** жұмыс температурасы ($-5^{\circ}\text{C} \sim 40^{\circ}\text{C}$), сақтау температурасы ($-10^{\circ}\text{C} \sim 50^{\circ}\text{C}$)
- **Сенсор:** Жылдам әсер ететін отын ұяшығының негізіндегі сенсор
- **Калибрлеу:** Жылдам әсер ететін отын ұяшығының негізіндегі сенсордың ауыспалы модулі
- **Қолданылатын мүштіктер:** MP1
- **Қуат көзі:** AA типті екі 1,5В сілтілік батарея
- **Батарея зарядының деңгейі:** Шамамен 3000 тест
- **Салмағы:** 198 г (AA типті екі сілтілік батареямен қоса)
- **Өлшемдері (мм):** 133 (биіктігі) x 64 (ені) x 33 (қалыңдығы)
- **Өлшеу нәтижелерін сақтауға арналған жады көлемі:** Шамамен 500 жазба

(Аспаптың № /Күні мен уақыты/Тест нәтижесі)

Калибрлеу және қызмет көрсету

Калибрлеу және техникалық қолдау үшін SentechKorea өкілдігіне немесе жергілікті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

«МЕДИЦИНАЛЫҚ ГАЗ ЖҮЙЕЛЕРІ» ЖШС

050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көктем-2 ықш.ауд., 11А үй, 3-кеңсе.

www.alcotester.kz

-Өндіруші

Компания: SentechKoreaCorp.

Орналасқан жері: 21-6, Jimok-ro 75beon-gil, Paju-si, Gyeonggi-do, 10880, RepublicofKorea

Тел: +82-31-8071-4400

Электрондық пошта мекенжайы: sentech@sentechkorea.com